

Феррониобийге қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 156 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **пешті**:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 7202 93 000 0 кодымен жіктелетін феррониобийге қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі осы шешім күшіне енген күннен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 7202 93 000 0 коды бар позиция төртінші бағанда ⁸¹C) ескертпесіне сілтемемен толықтырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 81C ескертпемен толықтырылсын:

⁸¹C) Кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 156-шешімі күшіне енген күннен бастап 31.12.2025 дейін қолданылады"

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасы төрағасының
міндетін уақытша атқарушы

В. Назаренко